

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп»
КММ-де 2025-2026 оқу жылының
бірінші жартыжылдығында
«Адал азамат» біртұтас тәрбие
бағдарламасын жүзеге асыру
мақсатында атқарылған жұмыс есебі**

Мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына және Төлеби аудандық білім бөлімінің 3.09.2025 жылғы № 1466 санды бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 26.05.2025 жылғы №123 санды бұйрығы негізінде мектепте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

МАҚСАТЫ: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық

- Бірлік және Ұлтымак
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Оқу жылының тамыз айында өткен педкеңесте алдыңғы оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарының іске асырылуын талданып, тәрбие жұмысы бойынша ҚР ОАМ нормативтік құжаттарының жаңартылған нұсқасымен таныстырылды.

ТӘРБИЕНІҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осалобъектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚРБҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгіережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;

- «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;

- «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;

- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

«ҚАМҚОР» - әлеуметтік жоба жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу жобасы бойынша тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебек жауапты етіп бекітіліп, жоспарға сай іс шаралар атқарды.

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» жобасы бойынша ПКББ Б.Ирисбеков жауапты етіп бекітіліп, білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу мақсатында жоспарға сай іс шаралар атқарды. Қазан айында «Күзгі асар» жәрменесін, Мұғалімдер күніне орай «Дублер күні», қараша айында «Менің таңдауым жарқын өмір» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

«ШАБЫТ» жобасы бойынша ұйымдастырушы педагог М.Адилов жауапты етіп бекітіліп, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу бағытында жоспарға сай шаралар атқарылды. Мектепшілік «Театр және балалар» үйірмесі, «Ақ қайың» би үйірмесі жұмысын жандандырып, мерекелік шараларда көрсете алды. Бастауыш сынып оқушыларына сахналық қойылым көрсетіліп, Мұғалімдер күні мен Республика күніне орай өткізілген шараларда музыкалық бағдарлама көрсетті. Қараша айында “Әділдік пен жауапкершілік - тұлғаның басты қасиеті” 1-4 сыныптарға театрлық қойылым көрсетілді. “Әділ ұстаным - өнегелі өмір” тақырыбында 5-7 сыныптармен өнегелік сағат, «Абай-әділдік символы» тақырыбында ақынның қара сөздерінен әділдік тақырыптары жайлы зерттеушілік жұмыс шарасы өткізілді.

«ҮШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» жобасы бойынша ҚББП Х.Умаров жауапты етіп бекітіліп, тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу бағытында жоспарға сай іс шаралар атқарды. Қазан айында «Үшқыр ой алаңы» жобасы бойынша «Жасөспірімге басты міндет – білім алу ма, әлде ақша табу ма?» тақырыбында дебат өткізілді.

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» бройынша мектеп кітапханашысы Д.Умурзакова жоспар жасап, оқушылардың кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру бағытында шаралар өткізді. Қараша айында «Күзгі демалыс: 1 кітап – 1 кейіпкер – 1 ой» айдарымен шара өткізілді.

Мектепте күн сайын үзілісте **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** ойын түріндегі өзгерістер барысында білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру-асық,тоғызқұмалақ,бестас және басқа да ойындар ұдайы өткізілді.

Сынып жетекшілердің ұйымдастырумен **«Өнегелі 15минут»** бойынша -ата-аналардың өзекті адамгершілік тақырыптарының біріне баласымен күнделікті 15 минут бойы жеке әңгімелесу шарасы өткізілді.

«Үнемді тұтыну» бойынша жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды,тағамды,энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс – қимылдар арқылы табиғи ресурстарға (су,энергияжәнет. б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Мектепте **«Күй күмбірі»** бойынша -соңыраулардың орнына күйлерді пайдалану,сондай-ақ үлкен өзгерістер кезінде күйлердің дыбысталуы жолға қойылған.

Сынып жетекшілердің дүйсенбі күні бірінші сабақтағы сынып сағатында **«Менің Қазақстаным»**—оқу аптасының басында, бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындалады. Оқушылардың ҚР рәміздерінің авторларын, мән мағынасын білуіне де көп мән беріледі.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері **«Аптаның дәйексөздері»** бойынша -мақал-мәтелдер,халық даналығы,мазмұны бүкіл ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін көрнекті тұлғалардың сөздерін пайдалану мен меңгерту бағытында жұмыс жүргізді.

Ай тақырыбы мен аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, тақталарда және басқаларында орналастырылған.

Сынып жетекшілері **«Қауіпсіздік сабағы»** – оқушылардың жеке қауіпсіздігін,қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде10минут,соның ішінде жол қозғалысы ережелерін,тіршілік қауіпсіздігі негіздерін зерделеу.

Мектепте **«ДосболLIKE»** білім білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын іске асыру мақсатында жоспар жасалып, бекітілді.Іс-шараларды өткізу мерзімдерін айқындай отырып, «Білім алушыны жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу» жаңа бағытын құра отырып, «Адал азамат» біртұтас бағдарламасы негізінде жасалған тәрбие жұмысының жоспарына,сынып сағаттарына және мектепшілік бақылау жоспарына қосымша бөлімдер енгізілді.

«Адал азамат» бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспарының жобасын әзірленіп, тәрбие жұмысы бойынша негізгі басымдықтарды бекіту бойынша сынып жетекшілердің әдістемелік кеңесі өткізілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының талаптарына сай әзірленген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы негізінде отбасыға жүйелі қолдау көрсету, сондай-ақ құрметке, саналы әрекетке және ынтымақтастыққа негізделген позитивті ата-ана мәдениетін дамыту мақсатында

мектепте 2025–2026 оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» (АПҚО) жұмысы жүргізу жоспары жасалып, бекітілді. 2025–2026 оқу жылында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының сабақтарын ұйымдастыру форматына ерекше назар аударылып, жаңа тәсілі аясында сабақтарды өту, яғни, ата-аналар мен балаларға арналған параллель сабақтарды өткізу және кейінгі бірлескен кездесу түрде бағдарламаға сәйкес өткізу ұйымдастырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын әзірленіп және үйлестіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын басшылыққа ала отырып, мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы өзара байланысты нығайту, оқушылардың тәрбиесін жетілдіру мақсатында 2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді. Мектептегі ата-аналар комитетінің құрамын жаңарту және оның жұмысын жандандыру ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілерге ата-аналармен тығыз байланыста болу, жеке және ұжымдық кездесулер өткізіп отыру жүктелді. Әлеуметтік педагог А.Мейдебек, педагог-психолог М.Адилова және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Тунгушбаеваға ата-аналармен жұмыс барысында әлеуметтік-психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүргізді. Қазан айында өткізілген тоқсандық ата-аналар жиналысында оқушылардың үлгерімі, тәртібі, қауіпсіздігі, құқықтық және психологиялық мәселелері бойынша тұрақты түрде ақпарат берілді. Қыркүйек айында өткізілген жалпымектептік ата-аналар жиналысында мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайта отырып, білім мен тәрбие деңгейін көтеру, ата-аналарды мектептің қоғамдық іс-шараларына жиі тарту, құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың, ерте жүктіліктің алдын алу мәселелері қаралды. 2025-2026 оқу жылындағы жалпымектептік ата-аналар комитетінің құрамы 2025 жыл 15.09.2025 жылғы №1 ата-аналар жиналысының шешімі негізінде төмендегідей құрамда бекітілсін.

Комитет төрағасы – Урманов Давронбек

Мүшелері:

1. Қ.Пирназаров

2. М.Умурзакова

3. Х.Садыков

4. Н.Мустафаева

Хатшы: Г.Омарова

Оқу жылының бірінші тоқсанында жас сынып жетекшілер Ю.Хаджаева, Ф.Назарова, Н.Зияуидинге әдістемелік көмек көрсетілді.

АӘД пәні мұғалімі Р.Дехканов сынып жетекшілермен бірлесе мектеп оқушыларымен оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы, өрт және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізді, тиісті журналға қол қойдырылды.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтайды және мектептің барлық қауымдастығы қатысты. Білім күніне арналған **«Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында** сынып сағаттары өткізілді. Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізілді.

Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары, заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып білім алушыларының ата-аналары қатысты.

Жазғы демалыстың қорытындысы және жаңа оқу жылынан күтілетін үміттер туралы ашық диалог құрылып, жаз бойы «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқыған ең қызықты немесе әсерлі кітаптарын таныстырады, ұнаған кейіпкерлерді, маңызды оқиғаларды айтып, олардың өміріне қандай пайдасы болғанын сипаттап берді.

Сынып сағаттарында заманауи технологияларды (интерактивті тақта, презентация, бейнематериалдар, жасанды интеллект) пайдаланылды.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 2025-2026 оқу жылына арналған **«Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджін** өткізілді. Челленджтің форматы 1-2 минуттық бейнеролик түрінде қысқа интервью түсіріліп, 2-4-сынып білім алушылары: **«Жазғы демалыстың жарқын естеліктері»**, 5-8-сынып білім алушылары: **«Жаз – жаңа тәжірибе уақыты»** 9-11-сынып білім алушылары: **«Арманым мен мақсатым»** тақырыптарында өткізді.

1-11 сынып жетекшілері сынып **«Менің Отаным – Қазақстан!»** тақырыбында сынып сағатын, **«Адалдық сағаты»** атты адалдық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған сағаттар өткізіп, сынып сағаттары барысында **«Қауіпсіздік сабағын»** (10 минут) өтті.

Ай барысында сынып жетекшілері оқушылар мен ата-аналарға жол қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулықтар өткізіп отырды.

1,5,10 сынып оқушыларымен **«Жаңа ортаға бейімделу – табысты оқудың бастауы»** тақырыбында психолог М.Адилова адаптациялық тренинг өткізді.

Мектептегі тіл мамандары Тілдер күніне А.Байтұрсыновтың туған күніне **«Тілім менің ғасырларға аманат»** тақырыбында онкүндік өткізді.

Қыркүйек айында **«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Мектеп пен отбасы – бір мақсат, ортақ тәрбие»** ата-аналар жиналысы өткізіліп, өзін-өзі ұйымдастыру, қауіпсіздік, мектеп ішіндегі ережелер мен нормалар туралы мәселелер талқыланды және **«Балалар буллинг, кибербуллингтің құрбаны болғанда не істеу керек?»** тренингі шаралары өткізілді.

Отбасы күніне орай **Бақытты отбасы - берекелі ел»** апталық өткізіліп, **«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»** тақырыбында челлендж өткізілді.

«Өмірге салауатты кадам» тақырыбы аясында «Денсаулық фестивалі» өткізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары өкілі Ж.Жалғасбаймен «Жасөспірімдердің жауапкершілігі және тәртіптік мәдениеті» тақырыбы аясында кездесу өткізілді.

ҚББП Х.Умаров қыркүйек айында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында мектепшілік «Құқықбұзушылық- ішкі мәдениеттің көрінісі ме?» пікірсайыс турнирін өткізді.

КАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Оқу жылының қазан айында Республика күніне орай «Тәуелсіздікпен Республика-егемен елдің қос тірегі» тақырыбы аясында мектепшілік іс-шаралар өткізілді.

Қазан айында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде мектеп инспекторы Ж.Жалғасбай (*буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б*) жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Қазан айында «Бойжеткен» қыздар клубы 6-11 сынып қыз балаларымен «Қыз бала тәрбиесі: тазалық, күтім және қауіпсіздік» (5-11 сыныбы) тақырыбында кеңес беру сағаты, қараша айында «Қыз әдебі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізді. Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет.

Қазан айында ПКББ Б.Ирисбековтың ұйымдастыруымен Еңбек күніне арналған жаппай тәрбиелік іс-шаралар өтті. Атап айтқанда, 1-4 сыныптар «Еңбек сахнасы» театрландырылған перформанс, 5-11 сыныптар «Қолыңнан келсе - кәсіп ет» білім алушылар арасында өткізілетін психологиялық алаңы өткізілді.

АПҚО бойынша «Түсінемін және қолдаймын: ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ата – ана ретінде қалай жақын болу керек?» АПҚО ата-аналар жиналысы, ЕББҚ бар балалардың ата-аналарымен жұмыс өткізілді.

АПҚО бойынша «Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы «Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз» тақырыбындағы жұмыс оқушылармен өткізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті і пәні мұғалімдерінің ұйымдасыруымен қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына - 180 жыл «Абай мұрасына саяхат» тақырыбындағы әдеби-танымдық шаралар өткізілді.

Тәлімгер А.Урманшиков пен әлеуметтік педагог А.Мелдебектің ұйымдастыруымен «Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызметі ұйымдастырылды. Қазан Қарттар күніне орай ауылдағы қарияларды құттықтау шарасын өткізді. Сонымен қатар, үйде оқытыатын оқушылардың үйіне барып, бірге қызықты уақыт өткізу шарасын ұйымдастырды.

Педагог ұйымдастырушы М.Адиловтың 11-сыныппен бірлесе ұйымдастыруымен «Шабыт» жобасы аясында «Даналық ұстаздан» челленджі өткізіліп, «Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі» тақырыбында Мұғалімдер күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды, мерекелік бағдарлама қойылды.

Қазан айында «Бойжеткен» қыздар клубының жоспарына сай «Сымбатты ару – салауатты өмір иесі» тақырыбында қыз балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу мақсатында кеңес беру жиналысы өткізілді. Жиналысқа ДТЖО А.Тунгушбаева, сынып жетекшілер, аналар кеңесі мүшелері, медбике Д.Мұздыбаева қатысты.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітапханашылар күніне орай кітапханашы Д.Умурзакова «Кітапханаға кітап сыйла» атты кітап сыйлау акциясын өткізді.

ПКББ Б.Ирисбеков «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында 1-11 сынып оқушылары арасында «Күзгі асар» жәрмеңкесін өткізді. Оқушылар көрмеге күз тақырыбы аясында түрлі материалдардан жасаған қолөнер заттары мен күзгі көкөністер мен жемістерді қойды.

«Тәрбие одағының» ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз өмір» тақырыбында әңгіме өткізілді.

ҚББП Х.Умаров «Үшқыр ой алаңы» дебат қозғалысы жоспарына сәйкес «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың негізгі себебі – тәрбиеде ме, ортада ма?» тақырыбында 8-10 сынып оқушылармен дебат өткізді.

Республика күніне орай мектепшілік «Тәуелсіздікпен Республика – егемен елдің қос тірегі» тақырыбы аясында апталық шаралар өткізілді.

АПҚО бойынша «Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы «Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау тақырыбында өткізілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын - алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық шаралар (буллинг, кибербуллинг, лудомания, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлық, вейп, нашақорлық, уытқұмарлық т.б) өткізілді.

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Оқу жылының кітапханашы Д.Умурзакованың ұйымдастыруымен күзгі демалыс кезінде «Күзгі демалыс: 1 кітап – 1 кейіпкер – 1 ой» тақырыбында шаралар өткізілді.

Қараша айында «Бойжеткен» қыздар клубының жоспарына сай жоғары сынып қыз балаларымен «Әдеп пен әдемілік» қыздарға арналған тренинг өткізілді.

Мектепшілік «Театр және балалар» үйірмесі мен «Шабыт» жобасы аясында 1-4- сыныптарға “Әділдік пен жауапкершілік - тұлғаның басты қасиеті” атты қойылым көрсетілді.

5-7 сыныптар арасында сынып жетекшілер “Әділ ұстаным - өнегелі өмір” тақырыбында өнегелік сағат өткізілді.

«Әдеп пен әдемілік» қыздарға арналған тренинг Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет. АПҚО ата-аналар жиналысы

АПҚО жоспарына сай «Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы

«Үшқыр ой алаңы» дебат клубының жоспарына сай ҚББП Х.Умаров 9-11 сынып оқушыларымен «Жасөспірімге басты міндет – білім алу ма, әлде ақша табу ма?» тақырыбында дебат өткізді.

«Бойжеткен» қыздар клубының жоспарына сай ДТЖО А.Тунгушбаеваның ұйымдастыруымен 5-11 сыныбының қыздарымен «Қыз бала тәрбиесі: тазалық, күтім және қауіпсіздік» тақырыбында кеңес беру шарасы өткізілді.

Оқушыларды кибербуллингтен сақтандыру мақсатында интернетке, компьютерге және ойынға тәуелділікті анықтау бойынша тест сауалнама ұйымдастырылды.

Мектеп инспекторы Ж.Жалғасбаймен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушылармен кездесу өткізді. Оқушыларға «Суық қарудың қаупі және заң алдындағы жауапкершілік» туралы түсіндіру, ескерту жұмыстарын жүргізді.

Тәлімгер А.Урманшиковтың ұйымдастыруымен «Оқушылар дауысы – әрекетте!» бірыңғай мектеп парламенті күні өткізілді. Оқушылар мектеп өмірін жандандыру, өзгерістер мен жаңалықтар енгізу, тәртіп, т.б. жөнінде өз пікірлерін жазбаша түрде білдірді. Өзін өзі басқару ұйымы мүшелері хаттарды саралап, ұтымды, қызықты ұсыныстарды назарға алды.

Қысқы мезгілге байланысты оқушылардың өмірі мен денсалығын сақтау мақсатында сынып жетекшілері «Қыс мезгілінде қауіпсіз мінез-құлық ережелері» тақырыбы аясында нұсқаулықтар өткізді.

«Азамат» ұл балалар клубының жоспарына сай педагог ұйымдастырушы М.Адиловтың ұйымдастыруымен 6-11 сынып оқушыларымен «Жауапкершілік – ер азаматтың басты қасиеті» тақырыбында ұл балалар жиналысын өткізді.

20 қараша Халықаралық балалар құқығын қорғау күні мен республикалық «Зорлық зомбылыққа қарсы күн» акциясына байланысты 27.11.2025ж. «Менің таңдауым жарқын өмір» атты аймақтық семинар өткізілді.

Қараша айында ДосболLike бағдарламасы аясында ата-аналармен «Балаңызға жасалатын буллинг туралы не білесіз? Балаңыз буллингтің құрбаны ма әлде қатысушысы ма?» тақырыбында тренинг өткізілді.

Орындаған ДТЖЖО А.Тунгушбаева

